

Бекітемін:
ЖШС ЕСКАМ «Өркен» балабақшасы
меңгерушісі  Жылкайдарова Г.Б.
«01» 09 2023 ж.

***ЖШС «ЕСКАМ» Өркен балабақшасының
ата-аналар жиналысының жоспары
2023-2024 оқу жылы***



ЖШС ЕСКАМ «ӨРКЕН» балабақшасының
ата – аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары
2023 – 2024 оқу жылы

Р/с	Іс – шаралар тақырыбы	Өткізілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек 1. «Білімнің бастауы – балабақшадан» тақырыбын таныстырды. 2. Жаңадан келген ата-аналарды 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттермен таныстыру. 3. 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау. 4. Сауалнама жүргізу. 5. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы.	Ата – аналар жиналысы. Пікірлерін тыңдау. Қыркүйек	Меңгеруш: Жылқайдарова Г.Б. Тәрбиешілері Медбике:Барбеева Ж.С.
2	Желтоқсан 1. Ата-аналарға балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес беру (баланың мінез-кұлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімелесу, сауалнама). 2. «Әке асқар тау » спорттық сайыс. 3. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы.	Спорттық сайыс	Меңгеруш: Жылқайдарова Г.Б Топ тәрбиешілері: Медбике: Барбеева Ж.С.
3	Наурыз 1. Ұлттық құндылық – ұрпаққа аманат Әжелер мектебі 2. Педагог-психологпен әңгімелесу. «Ойыншықтарды жинауды қалай үйрету керек?»	Ұлттық құндылық дәріптеу	Меңгеруш: Жылқайдарова Г.Б. Топ Тәрбиешілері: Медбике: Барбеева Ж.С.

	3. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы.		
4	Сәуір 1. Табиғатты аялау – әркімнің парызы»! Ата-аналар мен балалардың қатысуымен ұйымдастырылған еңбек шарасы 2. Балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөнінде атқарылған жылдық жұмыстың қорытындылары. 3. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысу.	Экологиялық акция, көгалдандыру жұмыстары.	Меңгеруші: Жылқайдарова Г.Б. Топ тәрбиешілері: Медбике: Барбеева Ж.С. Шаруашылық Меңгерушісі

ХАТТАМАСЫ №1

Тақырыбы: «Білімнің бастауы – балабақшадан»

Өткізілген күні: «12» қыркүйек 2023 жыл

Тобы: «Бәйтерек», «Балбөбек»

Қатысқан ата-аналар саны: 20

Тәрбиеші: Сисенбаева Д.М., Жумалина А.Б.

Хатшы: Сатқанбаева А.

Күн тәртібі:

- 1.«Білімнің бастауы – балабақшадан» тақырыбында» тақырыбын таныстырды.
2. Жаңадан келген ата-аналарды 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттермен таныстыру.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Сауалнама жүргізу.
5. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы.

Тыңдалды:

1- мәселе «Білімнің бастауы – балабақшадан» тақырыбында Жылкайдарова Г.Б. балабақша меңгерушісі сөз алды. Тәрбиеші ата-аналарды жиналыстың тақырыбымен таныстырып, балабақшаның бала өміріндегі маңызы туралы баяндама жасады. Балабақша – баланың алғашқы әлеуметтік ортасы екені, мұнда балалардың танымдық қабілеттері, сөйлеу мәдениеті, шығармашылық мүмкіндіктері мен қарым-қатынас дағдылары қалыптасатыны айтылды. Сонымен қатар, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бала тұлғасының қалыптасуындағы рөлі ерекше екендігі түсіндірілді. Балалардың білім алуға деген қызығушылығын арттыруда тәрбиеші мен ата-ананың өзара ынтымақтастығы маңызды екені атап өтілді.

2 - мәселе бойынша: Жаңадан келген ата-аналарды 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттермен таныстыру. Баланың толыққанды дамуы үшін отбасы мен балабақша арасындағы байланыс үздіксіз болуы қажет екендігі айтылды. Ата-аналарға балалармен үй жағдайында көбірек сөйлесу, кітап оқу, шығармашылық жұмыстармен айналысу және баланың жетістіктерін мадақтап отыру ұсынылды. Баланың бойында жауапкершілік, еңбекқорлық, ізеттілік, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерді қалыптастыруда отбасының рөлі зор екендігі айтылды.

3 -мәселе бойынша: 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау. Тәрбиеші топ тәрбиеленушілерінің жетістіктері туралы баяндап өтті. 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау. Балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеттерге белсенді қатысатыны, тақпақ жаттау, сурет салу, құрастыру, математика негіздері мен сөйлеуді дамыту бағыттарында жақсы нәтижелер көрсетіп жүргені айтылды. Сонымен қатар кейбір балалардың тіл дамыту, ұқыптылық, өздігінен әрекет ету дағдыларын жетілдіру қажеттілігі сөз болды.

4 - мәселе бойынша: Барбеева Ж.С. медбике сөз сөйледі. Балалар

ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы. Балалардың денсаулығын сақтау, жеке бас гигиенасын қалыптастыру және қауіпсіздік ережелерін үйрету мәселелері талқыланды. Ата-аналарға балаларды балабақшаға уақытылы әкелу, ауа райына сай киіндіру және сырқаттанған жағдайда үйде емдеу қажеттілігі ескертілді.

Әртүрлі

мәселелер:

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Алдағы уақытта өткізілетін мерекелік іс-шаралар, ашық оқу қызметтері және ата-аналардың қатысуымен ұйымдастырылатын шаралар туралы ақпарат берілді.

Қаулы:

1. Балалардың балабақшаға тұрақты және уақытылы келуін қамтамасыз ету.
2. Балалардың білім алуына және тәрбиесіне ата-аналардың белсенді қатысуын арттыру.
3. Үй жағдайында балалармен күнделікті дамыту жұмыстарын жүргізу.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шараларын күшейту.
5. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
6. Балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру.

Жиналыс төрайымы: Жылкайдарова Г.Б. балабақша меңгерушісі

Хатшы: Сатқанбаева А. ата – аналар төрайымы





ХАТТАМАСЫ № 2

Тақырыбы: **«Отбасым – асыл қазынам»**

Өткізілген күні: «14» желтоқсан 2023 жыл

Өткізілген орны: ЕСКАМ «Өркен» балабақшасы

Топ: «Балбөбек», «Бәйтерек» ересек

Жауапты тәрбиеші: Шәйгөзова А.А., Сапарғали М.Б.

Қатысушылар: 20

Күн тәртібі:

1. Ата-аналарға балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес беру (баланың мінез-құлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімелесу, сауалнама). Жылкайдарова Г.Б.
2. Отбасым – асыл қазынам спорттық сайыс. Сапарғали М.Б.
3. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы. Барбеева Ж.С. балабақша медбикесі

Мақсаты:

Отбасы мүшелері арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту, салауатты өмір салтын насихаттау, балалардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттыру және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты дамыту.

1. Спорттық сайыстың ашылуы.
2. Қатысушы отбасыларды таныстыру.
3. Спорттық эстафеталар мен жарыстар өткізу.
4. Қорытындылау және марапаттау.

Тыңдалды:

1. Ата-аналарға балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес беру, баланың мінез-құлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімеледі. Изтлеуова Б.Б. балабақша әдіскер
2. Спорттық сайысты тәрбиеші ашып, қатысушыларды мерекемен құттықтады. «Отбасым – асыл қазынам» атты спорттық сайыстың мақсаты түсіндіріліп, отбасының бала тәрбиесіндегі орны мен маңызы туралы айтылды.

Спорттық сайыс барысы:

1. «Жылдам отбасы» эстафетасы.
2. «Допты жеткіз» кезеңі.
3. «Кім жылдам?» жарысы.
4. «Көңілді секіртпе» кезеңі.
5. «Бірлігіміз жарасқан» отбасылық тапсырмасы.


Қорытынды:

Сайыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Барлық қатысушылар белсенділік танытып, өз өнерлері мен спорттық қабілеттерін көрсетті. Балалар мен ата-аналар көтеріңкі көңіл-күйде болып, бір-біріне қолдау көрсетті.

Қаулы:

1. Отбасылық спорттық іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастыру.
2. Ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуын жалғастыру.
3. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстарды күшейту.
4. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатындағы тәрбиелік шараларды көбейту.
5. Сайысқа қатысқан барлық отбасыларды марапаттау.

Жиналыс төрайымы: Жылкайдарова Г.Б. балабақша меңгерушісі 

Хатшы: Сатқанбаева А. ата – аналар төрайымы 





ХАТТАМАСЫ №3

Өткізілген күні: « 20 » наурыз 2024 жыл

Өткізілген орны: ЕСКАМ «Өркен» балабақшасы

Ұйымдастырушы: Барлық топ

Қатысушылар: Әжелер мектебінің мүшелері, ата-аналар, педагогтер

Тақырыбы: «Ұлттық құндылық – ұрпаққа аманат»

Мақсаты:

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрлерімізді жас ұрпақтың бойына сіңіру, әжелер өнегесін насихаттау, отбасы тәрбиесіндегі әженің рөлін арттыру.

Күн тәртібі:

1. «Ұлттық құндылық – ұрпаққа аманат» тақырыбындағы баяндама.
2. Әжелердің бала тәрбиесіндегі рөлі.
3. Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау жолдары.
4. Пікір алмасу.
5. Қорытынды және ұсыныстар.

Тыңдалды:

1- мәселе бойынша ұйымдастырушы сөз сөйлеп, ұлттық құндылықтардың қоғамдағы орны мен маңызы туралы баяндама жасады. Халқымыздың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, инабаттылық пен адамгершілік қасиеттерінің тәрбиедегі маңызы айтылды.

2- мәселе бойынша әжелер өз тәжірибелерімен бөлісті. Бала тәрбиесінде әженің орны ерекше екендігі, ұрпаққа ұлттық тәрбиені беруде отбасының маңызы зор екендігі туралы пікірлер айтылды. Әжелер балаларға ертегі айту, бесік жырын үйрету, ұлттық ойындарды таныстыру арқылы тәрбиенің маңыздылығын түсіндірді.

3-мәселе бойынша ұлттық дәстүрлерді балабақша мен отбасы тәрбиесінде кеңінен қолдану қажеттілігі талқыланды. Балаларға қазақ халқының мәдени мұрасын таныту, ұлттық киімдерді, қолөнерді, ұлттық тағамдарды насихаттау жөнінде ұсыныстар айтылды.

Пікір алмасу барысында қатысушылар ұлттық тәрбиенің бүгінгі қоғамдағы өзектілігі туралы ойларын ортаға салды. Әжелер ұлттық құндылықтарды сақтап, келер ұрпаққа аманат ету әр отбасының міндеті екенін атап өтті.

Қорытынды:

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Қатысушылар ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты. Әжелердің өмірлік тәжірибесі мен өнегелі тәрбиесі жас ұрпақ үшін маңызды рухани мұра екендігі ерекше атап өтілді.

1. Ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
2. Әжелер мектебінің жұмысын жандандыру.
3. Балаларға ұлттық тәрбие беруге бағытталған іс-шараларды көбейту.
4. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
5. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге арналған кездесулер мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру.

Жиналыс төрайымы: Жылкайдарова Г.Б. балабақша меңгерушісі

Хатшы: Сатқанбаева А. ата – аналар төрайымы







ХАТТАМАСЫ №4

Өткізілген күні: «20» сәуір 2024 жыл

Өткізілген орны: ЕСКАМ «Өркен» балабақшасы

Тобы: Барлық топ

Қатысушылар: Тәрбиешілер, ата-аналар

Іс-шараның мақсаты:

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты аялауға және туған жердің тазалығын сақтауға баулу.

Күн тәртібі:

1. «Жасыл әлемді бірге құрайық» тақырыбында кіріспе сөз.
2. Экологиялық тәрбие туралы баяндама.
3. Табиғатты қорғауға арналған тәжірибелік жұмыстар.
4. Ағаш және гүл көшеттерін отырғызу.
5. Қорытындылау және ұсыныстар қабылдау.

Тыңдалды:

Тәрбиеші қатысушыларды іс-шараның мақсатымен таныстырды. Табиғат – адам өмірінің ажырамас бөлігі екендігі айтылып, қоршаған ортаны қорғау әр азаматтың міндеті екендігі түсіндірілді.

Экологиялық тәрбие туралы баяндама оқылып, табиғатты қорғаудың маңызы, суды үнемдеу, ауаны ластамау, қоқысты сұрыптау және жасыл желекті көбейту мәселелері қарастырылды.

Қатысушылар табиғатты қорғауға байланысты тәжірибелік жұмыстар жүргізді. Балалар табиғат туралы тақпақтар айтып, суреттер көрмесін ұйымдастырды. Экологиялық ойындар өткізіліп, табиғатты қорғау жөніндегі білімдері бекітілді.

Ата-аналар мен балалар бірлесіп аула аумағын тазалап, гүлдер мен ағаш көшеттерін отырғызды.

Жарыссөз:

Ата-аналар табиғатты қорғауға арналған мұндай шаралардың маңыздылығын атап өтіп, балалардың экологиялық тәрбиесін қалыптастыруда балабақша мен отбасының бірлескен жұмысы қажет екендігін айтты.


Қорытынды:

«Жасыл әлемді бірге құрайық» іс-шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді. Балалар табиғатты қорғаудың маңызын түсініп, қоршаған ортаға қамқорлық жасаудың қажеттілігін ұғынды.

Қаулы:

1. Балалар арасында экологиялық тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
2. Балабақша аумағын көгалдандыру жұмыстарын жалғастыру.

3. Табиғатты қорғауға арналған акциялар мен сенбіліктерді тұрақты ұйымдастыру.
4. Ата-аналарды экологиялық іс-шараларға белсенді қатыстыру.
5. Балалардың табиғатқа қамқорлық жасау дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастыру.
6. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында түрлі көрмелер, байқаулар және тәрбиелік шаралар өткізу.

Жиналыс төрайымы: Жылкайдарова Г.Б. балабақша меңгерушісі 

Хатшы: Сатқанбаева А. ата – аналар төрайымы 





